

# РАНОРАМА: ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ, I

Б.з.д. 10000–2000 жылдардағы  
фермалар, қалалар және  
жаңа аграрлық дәуір



Бүгінгі дәрісімізде б.з.д. 10000–2000 жылдардағы фермалар, қалалар және жаңа аграрлық ғасыр ерекшеліктеріне байланысты алғашқы фермерлердің қалыптасуы, дамуына қатысты авторлар ұсынатын мәліметтермен танысамыз.

Б.з.д. 10 мыңыншы жылдарда мыс, алтын, күміс қабыршақтар, асыл тастар және қолдан жасалған өнімдер айырбасы мен тарту-таралғылардың желісі Афроеуразияның бірнеше аймағында тез қарқынмен дами бастайды. Егіншаруашылығы, бақташылық, малшаруашылығының кең өріс алуы әлемнің кейбір бөліктерінде халық санының жоғарғы өсіміне әкелді. Ал бұл өз кезегінде тұрақты қоныстардың кеңейіп, бір-біріне жақын орналасып қарым-қатынасқа түсуіне негіз болды. Нәтижесінде отбасылар мен қоныстар арасындағы әлеуметтік қатынастар дамып, тіпті, шиеленісті жағдайлар да орын алып жатты. Оқулық авторлары қауым ішінде айтарлықтай билікке ие алғашқы көшбасшылардың пайда болуын қарастырады. Әсіресе батыстағы Жерорта теңізі аймағы мен шығыстағы Оңтүстік Азияда болып жатқан өзгерістермен байланыстыра отырып, дәлелдеуге тырысады.

Оқулық авторлары фермерлік шаруашылық деп атау берген түсінікке жүйелі түрде өсімдіктерді отырғызу, күтіп-бағу және жинау әрекеттері, қолдағы малшаруашылығын жүргізу мен азық-түлік өндіруді жүйелі түрде жүргізудің техникалық процесі жататынын айтады.

200 мың жыл бұрын барлық күрделі қоғамдар өмір сүрудің негізгі жолы ретінде ауылшаруашылығына негізделген аграрлық қоғамдар құрды. Соңғы археологиялық деректер Батыс Азияның дәнді дақылдар, әсіресе, бидай, арпа және қара бидай, сондай-ақ, жасымық, ноқат және басқа да дәнді бұршақтар өсіретін ең көне қауымдастықтардың орны болғандығын көрсетіп отыр. Ефраттаның жағалауындағы Абу Хурейрада, Сирияның солтүстігіндегі өзенде археологтар әлемдегі ең ежелгі фермерлік істің бастауы ретінде үй шаруашылығындағы қара бидайдың торсиған үлкен тұқымын тапты, ол шамамен 12 мың жыл бұрын пайда болған.

Оқулық авторлары келесі мыңжылдықта пайда болған басқа да аграрлық елді мекендерге шолу жасайды. Оларды «Тұқымдықтар» деген атаумен беріп, Оңтүстік-Батыс Азияның дәстүрлі егін шаруашылығы мәдениетінде өзіндік орын алған өңірлердің болғандығын көрсетеді. Бұл аймақ бұрыннан бері «Құнарлы жарты ай» мекені ретінде бізге белгілі. Ғалымдардың айтуынша, ежелгі фермерлер мәдени өсімдіктерді және қолға үйретілген жануарларды өсірумен шектеліп қалмай, азық-түліктің басқа да көптеген түрлерін пайдалануға тырысқан.

Сонымен, аграрлық қоғам дегеніміз – егіншаруашылығы мен малшаруашылығынан тұратын және ауылшаруашылығының тіршілік пен артық қор байлығының негізгі көзі болған қоғам екенін көреміз.

Ғалымдар бір ауыздан алғашқы шаруашылықтың пайда болуы б.з.д. 9600 жылдан кейін толығымен орнап, бүгінгі күнге дейін жалғасып келе жатқан ғаламдық климаттың жылыну циклі, Голоцен кезеңінің басталуымен тығыз байланыста болғанын айтады. Үлкен мұздықтардың еруі мен жауын-шашынның көбеюі Солтүстік жарты шар территориясындағы ұсақ жануарлардың көбеюіне, теңіз бен ормандарда тіршіліктің жандануына жағдай жасады.

«Құнарлы жарты ай» аумағындағы жерлерде мекендеген терімшілер мен аңшылар қауымы егін егіп, оны жинап алуда түрлі еңбек құралдарын пайдалануды үйренді. Еңбек құралдарының түрлері де көбейді. Жиналып алынған дәнді дақылдың тойымды әрі дәмді ас болатындығына көздері жете бастады. Сондықтан егін шаруашылығымен тұрақты айналысуға бет бұрды, яғни олар біртіндеп отырықшы қауымға айнала бастады. Отырықшылық Оңтүстік-батыс Азияда б.з.д. 11 мыңыншы жылдар шамасында орын алғанын білеміз. Құнарлы жарты ай жеріндегі алғашқы қоныстар тас пен ағаштан жасалған дөңгелек жертөлелерден тұрған. Жалпы егіншілік, бақташылық, терімшілік пен аңшылық бірнеше мың жылдар бойы бір-бірімен қатар, өзара толықтыра отырып дамыды.

## Қолға үйретудің қадамдары

Енді біз дәрісіміздің жаңа бір қызықты тұсына жеткенімізді естеріңізге салайық, ол – доместикацияға беталыс, яғни өсімдіктер мен жануарларды доместикациялау. Қарастырып отырған кезеңдегі басты ерекшелік ретінде бұл процесс – тарихтағы маңызды қадам болғанын



атап өтуіміз керек. Доместикация дегеніміз – өсімдіктер мен жануарлардың көбею жолдарына ықпал жасай отырып, оларды дәмі, көлемі, тойымдылығы жағынан тартымдырақ ету, сондай-ақ, өсіру, жинау, өңдеу мен пісіруін жеңілдету арқылы генетикалық құрылымын (genetic makeup) өзгерту деген сөз.

Адам мен оның шаруашылық өнімі бір-біріне тәуелді болған кезде үйсіндіру, яғни доместикация толығымен орын алады. Ол дегеніміз – қауымдастықтар азық-түлікпен қамтамасыз етудің маңызды көзіне айналған генетикалық тұрғыдан өзгеріске ұшыраған өсімдіктерге тәуелді болады.

Сондай-ақ жануарларды қолға үйретуге көшу де адам қоғамы дамуының заңды кезеңі болды. Адамзат жануарларды алғашында бір-бірін еріктерінен тыс қолға үйретті. Қасқырдың бір түрінен тараған ит шаруашылық шықпай тұрып-ақ, бірнеше мыңдаған жыл бойы Оңтүстік-батыс Азияда адамзат баласының серігіне айналған. Оқулық авторлары дәлел ретінде оңтүстік-шығыс Түркиядағы адам қоныстарына тиесілі болуы мүмкін деген шошқа сүйектерін мысалға келтіреді. Сүтқоректілердің осы түрі шамамен б.з.д. 10 мыңыншы жылдары қолға үйретілгенін айтады. Соңғы жылдары жарыққа шыға бастаған пікірлерге сай шаруашылықтың бастапқы кезінде адамдар қолға үйретілген шошқа ұстады деген мәліметтер бар. Көп ұзамай олардың қатарына қой, ешкі, ірі қара қосылған және оларды ет пен сүт үшін емес, керісінше ғұрыптық құрбандық немесе қауымның мейрамдарында пайдалану үшін қолға үйретті деп көрсетеді.

Уақыт өте қауым мүшелері осы әрекеттерінің қаншалықты тиімді екенін түсіне бастады, бұл жануарлар азық-түлікпен қатар тері, жүн берді. Еңбек күшінің, жүк көлігінің таптырмас көзіне айналды. Қолға үйретілген шошқа, қой, ешкі және ірі қара генетикалық өзгерістерге ұшырады, яғни денелері кішірейіп, сезім мүшелері бұрынғы қырағылығы мен аяқ астынан қашуға деген бейімділігінен айрыла бастады. Бұл жануарлар ендігәрі жабайы ортада тіршілік ете алмайтын күйге түсті. Адамдар біртіндеп өздеріне пайдалы деген қасиеттері бар жануарларды сұрыптап, солардың тұқымын көбейте бастады. Сондай-ақ қолға үйретілген және қолда өсірілген жануарлар аңшылық сәтсіз болған кезде, әсіресе қыс мезгілінде тамақ қорын қамтамасыз етті.

Голоцен кезеңінің басында егін шаруашылығы мен мал шаруашылығы Афроеуразияның бірнеше бөлігінде бір-бірінен тәуелсіз түрде пайда болады. Ғалымдардың көпшілігі бұл құбылысты жылыну үрдісінің бірқалыпты емес, керісінше жүйесіз жүруімен байланыстырады. Шамамен б.з.д. 10 800 жылдары ғаламдық ауа температурасы аяқастынан көтерілді, салдарынан Солтүстік Атлантикадағы мұздықтардың еруінен суық су бірден молайды.

Зерттеушілер Солтүстік жарты шардағы суығырақ, құрғағырақ ауа райының қайталануын арктика гүлінің құрметіне Соңғы Дриас деп атады. Ол 1200 жылға созылып, бірнеше аймақтарды бірдей мекендеген терімшілер, аңшылар және алғашқы егіншілер мен бақташыларға табиғат күтпеген сынақтар жасады.

## Неолит дәуірінің жаңалықтары

Жер өңдеу кең тараған сайын қоныстардың көлемі мен тығыздығы ұлғайды, тұрғындар жаңа жетік құралдар мен әдіс-тәсілдерді ойлап табуға мәжбүр болды. Неолиттік жаңалықтар қатарына ұсақ тас кескіштер, микролиттер, иілген орақтар, тас құтылар мен үккіштер және күнге кептірілген саз кірпіштен тұрғызылған үйлер кірді. Ғалымдар неолит дәуірі Оңтүстік-батыс Азия мен Еуропада б.з.д. 4500 жылдар шамасында, таспен қатар мыс құралдар қолданысқа ене бастаған тұста аяқталды деген тоқтамға келген.

Неолит дәуірі деген терминді тарқата кетсек, ол б.з.д. 10000 жылдардан б.з.д. 4000 жылдарға дейін жалғасып, жетілдірілген еңбек құралдары мен шаруашылықтың, яғни егіншілік пен бақташылықтың дамуымен сипатталатын кезең.

Өзіміз түсіндіріп отырған оқулықта авторлар адамзат қауымын ұйымдастырудың жаңа әрі сан қырлы жолы – күрделі қоғамның дамуын ашып көрсетеді. Авторлар бұл кезеңге дәстүрлі өркениет деген атау береді. Осы сипаттағы алғашқы қоғамдар б.з.д. 3–4 мыңжылдық арасында үш өзен алқабында пайда болды: 1) Месопатамиядағы Тигр-Евфрат, яғни қазіргі Ирак жері; 2) Мысырдағы Ніл; 3) қазіргі Пәкістан мен Солтүстік Үндістандағы Инд өзендерінің алқабының алғашқы қоғамы.



Ал, енді бір сәт көз алдымызға осы кезеңдегі панорамалық көріністі елестетейік. Әртүрлі дақылдар өсіру және қолға үйретілген жануарлармен ерекшеленген:

- 1) Орталық Америка немесе авторлар алға тартатын атау Мезоамерика;
- 2) Анд (Оңтүстік Америка);
- 3) Амазон өзені алқабы;
- 4) Батыс Африка;
- 5) Судан және Сахара Африкасы;
- 6) Оңтүстік-батыс Азия;
- 7) Шығыс Азия;
- 8) Оңтүстік-шығыс Азия.

Бұл көрсеткіш бойынша жануарларды қолға үйрету Африка, Азия аумағында басымдылыққа ие болғанын байқау қиын емес.

Егіншілікпен айналысатын алғашқы аграрлық қоғамдар «Құнарлы жарты ай» жерінде пайда болған. Алайда шаруашылық бір-бірінен бөлек жеті немесе сегіз жерде бір уақытта пайда болғанын ескерсек, олардың дәл қайсысы бірінші бастағанын анықтау мүмкін емес. Аграрлық қоғамдар адам баласы қоныстанғаннан бастап, Австралиядан басқа барлық құрлықтарда б.з.д. 10 мыңыншы жылдар мен б.з.д. 3000 жылдар аралығында қалыптасты.

Шаруашылыққа негізделген тіршіліктің таралуы екі негізгі әдіспен жүрді. Біріншісі, мәдени кірігу арқылы, яғни шаруашылықты жүргізу туралы бастамалардың таралуы. Адамдардың егіншілік, бақташылық жайлы ақпаратпен алмасуы, негізінен аймақтық саудамен тығыз байланысты болуы да ықтимал.

Екіншісі, шаруашылықтағы тәжірибе адамдардың бір жерден екінші жерге көшуімен байланысты тарады. Мысалы, бидай, арпа, ірі қара, қой, шошқа, сонымен қатар жинақталған білім мен жетілдірілген еңбек құралдарына негізделген шаруашылық б.з.д. 7000 жылдан бұрынырақ Оңтүстік-батыс Азиядан Еуропаға қарай тарай бастағанын байқаймыз. Оның себебі егіншілер мен бақташылар Жерорта теңізі бойымен батысқа немесе Балқан түбегі мен Дунай өзені алқабына қарай көшу процесі болғаны дәлел.

Су өткізбейтін, отқа төзімді және қолда бар саздан жасалған қыш құмыра неолит дәуірінің ең негізгі жаңалығы. «Қыш құмыралар революциясын» жасаушылар егіншілер емес, терімшілер мен аңшылар болған сияқты. Жапонияның алғашқы адамдары бірнеше мың жыл өткеннен кейін қыш құмыралар жасай бастаған. Жарты шардың батыс бөлігіндегі ең ерте керамика Сахара шөлінен табылды.

Ежелгі қыш құмыра б.з.д. 12000 жылдар шамасында жасалды деп анықталған. Жапонияның Дзёмон мәдениетіне тиесілі бұл құмыра керамика сынықтарын қайта құрастыру арқылы қалпына келтірілді.

Шаруашылық қалыптасқан аймақтарда қоғамдық қатынастардың да күрделенуі қалыпты жағдай. Еңбек бөлінісі қарапайым, ересек әйелдер мен ер адамдар бір-біріне тең қараған. Шаруашылық жүргізудің көптеген жұмыстарында жүннен, зығырдан, мақтадан киім, тор, себет пен басқа да тіршілікке қажет заттарды тоқуда ерлер мен әйелдер бірдей деңгейде ептілік танытып, күш жұмсады.

Кейбір тұрғындар көршілеріне қарағанда артық азық-түлік қорын жинағаннан кейін, әлеуметтік теңсіздік туындайды. Егіншілік, бақташылықпен алғаш айналыса бастаған Оңтүстік-батыс Азия мен басқа аймақтардағы жерлеу орындарын қазу барысында тұрғындардың көпшілігі жұпыны жерленгеніне қарамастан кейбір адамдардың, арасында балалар да бар, әшекейлермен және басқа да құнды бұйымдармен бірге жерленгені анықталды. Бұдан не байқауға болады? Бұл айырмашылықтар кейбір отбасылар басқаларға қарағанда жоғары әлеуметтік мәртебеге ие болғанын, біреулердің басқалардан жоғары тұруы – әлеуметтік иерархияның қауымдық өмірдің бір бөлігіне айнала бастағандығын көрсетеді.



## Таңғажайып қоныстар

Оңтүстік-батыс Азиядағы бірнеше аграрлық мықты қоныстардың қалдықтары, көлемі мен күрделілігі жағынан бірден өзіне назар аудартады. Солардың бірі көне Иерихон, Иордан өзенінің жанындағы қоныс орнында әлі күнге дейін тұрған қала.

Осы күнге дейін табылған ең ірі неолиттік орталық – Чатал Хююк. Анадолының оңтүстік орталығының шұрайлы жазығында орналасқан бұл ескерткіштің жасы б.з.д. 7000 жылдарға жатады. Алып жатқан жер көлемі 13 гектар, өркендеген тұсында халқының саны 10 мыңға жуық болған деп топшылайды авторлар. Қоныста мыңдаған саз-балшықтан тұрғызылған үйлер бір-біріне өте тақау орналасқаны соншалықты, тіпті, көшелерге мүлдем орын қалмаған.

Чатал Хююк қонысы басқа жағдайда қала ма? Әлде саны тым көп халқын асырауға жеткілікті азық өндіруге жергілікті жердің шамасы жетпегендіктен, жойылуға мәжбүр болған көлемі үлкен шаруашылық мекені ғана ма еді деген мәселеде ғалымдардың пікірі бір жерден шықпады.

Жергілікті құдайларға сыйыну орындары, ғибадатханалар ретінде пайдаланылған кейбір бөлмелер бедерлі мүсіндермен, адамның күнделікті өмірінің сәттері бейнеленген қабырға суреттерімен әсем безендірілген.

Осы уақыт шамасында Қара теңіздің батысы мен Дунай өзені алқабының жоғары жағында тұрақтаған шаруалар екі мың түтінге, яғни екі мыңдай үйге жететін қоныстарды тұрғыза бастады. Ағаш немесе гипстан тұрғызылған кейбір үйлер екі қабатты және бірнеше шағын бөлмелерден тұрған.

Археологтар «Көне Еуропа» деген атаумен белгілі болып, б.з.д. 5500–3500 жылдар аралығын қамтыған материалдық мәдениет сабақтастығын осы қоныстардан байқаған.

Сонымен, көріп отырғандарыңыздай алғашқы суперқалалар бастауы дәл сол кезеңнің негізгі инновациясы болды, адамдар да сол қоғамның технологиясына сай өзгеріп, дамып, өздерін жетілдіріп отыруға ынталы болды.

## Қорытынды бөлім

Біз бүгінгі дәрісімізде Б.з.д. 10000–2000 жылдардағы фермалар, қалалар және жаңа аграрлық ғасыр туралы біршама мәліметтерді қарастырдық.

Қорытындылай келе, аграрлық қоғам – егіншаруашылығы мен малшаруашылығынан тұратын және ауылшаруашылығы саласының тіршілік пен артық қор байлығының негізгі көзі болған қоғам екендігін көреміз.

Жер өңдеу кең тараған сайын қоныстардың көлемі мен тығыздығы ұлғаюы негізінде тұрғындар жаңа жетік құралдар мен әдіс-тәсілдерді ойлап табуға мәжбүр болды. Неолиттік кезеңде еңбек құралдарының жетіле түсу себебінен кептірілген саз кірпіштен үйлер тұрғызыла бастады. Осы кезеңдегі супер қалалар неолит дәуірінің негізгі жаңалығы болды, ал адамзат баласы жаңа технологиялардың пайда болуларына орай өздерін жетілдіріп отырғандарын көрдік.

## Сұрақтар

1. Жаңа дәуірде болған өзгерістерге сипаттама беріңіз.
2. Қоғамдағы ірі өзгерістер эволюциясы (ауылшаруашылығы, мұздықтардың еруі, жануарларды қолға үйрету, неолиттік кезең және т.б.) жайлы не білдіңіз?
3. Неолиттік инновациялар және олардың қоғамға әсері?